

Сабақтың тақырыбы:
Қазақстанның геосаяси жағдайын
талдау

*Дайындаған: Магзумова Арайлым Серікқызы
Орал қаласы, ФМБ НЗМ*

Оқу мақсаттары

- *Қазақстанның халықаралық саясаты (ұлттық қауіпсіздік, сыртқы саясат) және оның артықшылықтары туралы білімдерін қолдана отырып, оларға әсер ететін факторларды талдау.*
- *Өз бетімен зерттеу жұмысын жүргізу–толығымен дербес оқушы болу*

Жаңа сөздер

- Геосаясат – мемлекеттердің немесе мемлекет блоктарының аумақтық-кеңістік ерекше жағдайларының жергілікті, аймақтық, құрлықтық және әлемдік халықаралық үдерістеріндегі орны мен нақты тарихи ықпалын түсіндіретін теория
- Кеден – шекарадан өтетін тауарларды тексеретін және осы тауарлардан салық алып тұратын мекеме
- Интеграция – шоғырлану, бірігу мемлекетаралық экономикалық одақтардың құрылуы

Эссеге қажетті сөз тіркестері

- Геосаясат
- Халықаралық саясатта қолданатын әдіс-тәсіл
- Ұлттық қауіпсіздік басымдылықтары
- Сыртқы саясат шектеулері
- саясат, саясаттар, халықаралық қатынастар, жергілікті, факторлар, әсер
- география, демография, шекара, мемлекет, аймақ, әрекеттестік, күш, экономика, қауіпсіздік, стратегия, ресурстар

Негізгі сұрақ

- Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік және сыртқы саясатындағы басымдылықтары қандай? Ұлттық қауіпсіздікке мүмкін қандай ішкі және сыртқы қауіптер бар?
 - Болашақ қауіптер қандай болуы мүмкін?
 - Бұл қауіптер қалай басқарыла алады?
- Геосаясат сыртқы саясатты сараптау әдісі ретінде қаншалықты тиімді?
- Қазақстанның геосаяси жағдайы қаншалықты теңгерілген?

ҚАЗАҚСТАН ГЕОСАЯСАТЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ:

**Аймақтық және ұлттық қауіпсіздікті
жан-жақты нығайту**

**Мәдени-гуманитарлық, ғылым-білім және
басқа шектес салалардағы халықаралық
ынтымақтастықты арттыру**

**Экономикалық және сауда
дипломатиясын белсенді дамыту**

**Азаматтарымызды құқықтық қорғауды,
олардың шетелдердегі жеке, отбасылық,
іскерлік мүдделерін қорғауды күшейту.**

Қазақстанның геосаяси жағдайы

1. Құрлықшілік жағдайы (ашық теңізге шығу жолының болмауы). Мұның өзі елді көрші мемлекеттерге тәуелді етеді.

Қазақстан осы тәуелсіздікті бәсеңдету үшін әлемдік нарыққа шығаратын жаңа көлік «коридорларын» жасауға қатысуда. Барлық бағыттар бойынша - Ресей, Қытай, Орталық, Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік (Пәкстан) Азия.

2. Әр түрлі мәдениеттердің, атап айтқанда - ислам (Орталық және Оңтүстік-Батыс Азия), орыс және қытай мәдениеттерінің түйіскен жерінде орналасуы.

3. Еуропа мен Азияның арасында орналасуы. Қазақстан Батыс пен Шығыстың арасындағы өзгеше көпір тәрізді. Үкімет аумақтың, транзиттік мүмкіндіктерін барынша толық пайдалануға тырысуда.

4. Қазақстанның шекара аймақтарында шиеленісу ошақтарының («ыстық нүктелердің») пайда болуы. Олардың ішіндегі ең қауіптісі - Ауғанстан (халықаралық террор, есірткі саудасы)

Қазақстанның геосаяси ерекшелігі



Минералдық ресурстар байлығы. Пайдалы қазбалардың құны бойынша ҚР дүние жүзінде алтыншы орында. Бұл - біздің еліміздің үлкен артықшылығы, оның әлемдік позициясының негізі. Бұл ірі шетелдік компаниялардың келуіне әсерін тигізді.

Жер көлемінің ауқымды болуы немесе аумағы мен тұрғын халық санының арасындағы сәйкессіздік. Экономикалық қызметтің шағын мөлшері - елдің өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бөлетін қаржының да аз көлемде болуына әсерін тигізеді



Біздің армиямызда әскери қызметкерлердің саны бар болғаны 74 мыңдай ғана. Сондықтан ел ішіндегі «Қазақстан-2030» стратегиясы халық санын 25 млн адамға жеткізуді көздейді.

Сыртқы саясат елдің қауіпсіздігін саяси құралдар арқылы шешуге бағытталған. Осыған байланысты Қазақстан шет елдермен қарым-қатынасын дамытып, көптеген халық аралық ұйымдарға қатысуда.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР



ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІК

РЕСЕЙ

- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ;
- ҒАРЫШ КЕҢІСТІГІН ИГЕРУ;
- ЖАҢА ТИПТЕГІ ӘСКЕР ЖАСАҚТАУ;
- АЗАМАТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

ТМД

ҚАЗАҚСТАН
ЕНГЕН
ТҰҢҒЫШ
ҰЙЫМ.
ҚР-НЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ
ТМД-НЫҢ
ТӨРАҒАСЫ

АЗИЯ

- ҚЫТАЙ
- ҮНДІСТАН
- ВЬЕТНАМ
- АСЕАН ЕЛДЕРІ
- ИНДОНЕЗИЯ
- ПӘКСТАН

ТҮРКИЯ

БІРІККЕН
КӘСІПОРЫН ҚҰРУ
ДЕЛЕГАЦИЯ
АЛМАСУ
МӘДЕНИ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
СТУДЕНТТЕРДІ
ОҚЫТУ

ХАЛЫҚАРЛЫҚ ҰЙЫМДАР

БҰҰ, ЮНЕСКО,
ЕҚЫҰ, ЕО

ҚОСЫМША АҚПРАТ

- Қазақстан 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) төрағасы болды. Төрағалықтың басты нәтижелі түйіні – ЕҚЫҰ-ның онжылдық үзілістен кейінгі 2010 жылғы 1-2 желтоқсанда өткен Астана Саммиті. Кездесу соңында аса жоғары деңгейде Астана декларациясы қабылданды.
- **ЮНИСЕФ немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры.** 1946 ж. 11 желтоқсанда 2-дүниежүзілік соғыстан тікелей зардап шеккен елдердің балаларына көмектесу үшін уақытша ұйым ретінде құрылған. 1994 жылы Қазақстанда БҰҰ Балалар қорының өкілдігі құрылды. Қор Қазақстанда “Арал теңізі: региондық және техникалық көмек жобасы” атты кешенді шараларды ұйымдастырып, аймақ тұрғындарына көмектесу мақсатында жұмыстар атқаруда.
- **АӨСШК** — Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес — 1992 жылдың қазан айында болды. БҰҰ Бас Ассамблеясында бұл ұйымды қолдап сөз сөйледі.
- **Еуразиялық Одақ** 1994 жылдың наурыз айындағы Мәскеуге сапары кезінде Н. Назарбаев бұл одақты құру жөнінде мәселе көтерді.

Полиглот

| Қазақша | Русский | England |
|-----------|-------------|------------|
| - | - | SECURITY |
| - | ГЕОПОЛИТИКА | - |
| САЯСАТ | - | - |
| - | ГРАНИЦА | - |
| - | - | GOVERNMENT |
| ЭКОНОМИКА | - | - |
| - | - | DIPLOMACY |

Қазақстанның геосаяси жағдайына SWOT талдау

Өзендік коммуникацияны,

теңізге шығу мүмкіндігінің бар – жоғын,

елдің теңіз жағалауына немесе аралда орналасу жағдайына,

көршілермен қатынасты дамыту үшін табиғи кедергілердің (таулар, батпақтар, шөлдер немесе көлдер) бар – жоғына,

мұндай қатынас мемлекеттердің әртүрлі көзқарасы бойынша ұзындығы,

мемлекеттерге көрші елдерге қатысты оның кеңістіктегі жағдайы және олардың әрқайсысымен шекараның ұзындығы,

халық саны,

шет елдік көршілеріне қатысты тарихи қалыптасқан мақсаттары

Қазақстанның геосаяси жағдайына SWOT талдау

- Экономикалық жағынан
- Географиялық жағынан
- Этнодемографиялық жағынан
- Діни сенімі жағынан

Эссе тақырыбы:

- «Қазақстанның геосаяси жағдайына баға бер»